

Құрметті ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Халықтың ал-ауқаты мен өмір сапасының жақсы болуы ауыл шаруашылығының дамуымен тығыз байланысты.

Ауданымыздың негізгі бағыты ауыл шаруашылығы болғандықтан, өңіріміздегі экономикалық белсенді халықтың басым бөлігі осы саланың өнімдерін өндірумен айналысады.

Бұл мереке – Жер Анамың бауырында еңбек етіп, мал шаруашылығымен айналысатын, азық-түлік өнеркәсібінде жұмыс жасайтын, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге талмай үлес қосып жүрген жандардың еңбегінің еленгені деп білеміз.

Мемлекеттігіміз нығайған Тәуелсіздіктің 30 жыл ішінде ауыл шаруашылығы саласы мемлекеттік қолдаудың арқасында жаңа деңгейге көтеріліп, ел экономикасын дамыту мен ауыл тұрғындарының ал-ауқатын арттырудағы жетекші күшке айналып келеді. Осындай жетістіктер жолында тер төккен баршаңызға алғыс айтамыз. Табанды еңбек пен кәсіпке деген адалдық – туған жерге деген сүйіспеншіліктен тұрады.

Сіздердің дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Қамбаларыңызға алтын астыққа, қораларыңыз малға толып, шаңырақтарыңыз шаттыққа бөлене берсін! Тәуелсіздігіміздің баяндығы үшін еліміздің ауыл шаруашылығын өркендетіп, жаңа табыстарға жете беріңіздер!

Э.Дюсетаев,
Қарқаралы ауданының әкімі
С.Нүркенов,
Қарқаралы ауданының мәслихат хатшысы.

«Бай болсаң, елге пайдаң тисін»

«Жомарт жүрек» республикалық байқауының жеңімпазы

«ЖЫЛ МЕЦЕНАТЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Ибкеев Сапар Көшкенұлы

«Жомарт жүрек» республикалық байқауының жеңімпазы

«ТУҒАН ӨЛКЕ» НОМИНАЦИЯСЫ

Қалтаев Нұрлан Айтмұхаметұлы

«Жомарт жүрек» республикалық байқауының жеңімпазы

«ЖЫЛ ТҰЛҒАСЫ» НОМИНАЦИЯСЫ

Жунусов Бахтыбай Жолжаксынович

Осы аптаның басында қазақ даласы көзін Қарағанды атырабына тікті. Қарағанды атырабы деген соң – 9 аудан, 9 қалаға тиісті 09 аймақ екені белгілі. «Үйіріңмен үш тоғыз» дейтін қазақ қанжығасына олжа байларда. Аламаймен, молынан оралсын дегені болса керек. Осы ырымды сөз түгелімен Қарағанды аймағына қарата айтылғандай. Байырғы Жошы ұлысы, бұрынғы Қазақ хандығы, бертіндегі Алаш арыстары алғаш шоғырланған жер Қарағандының қай ауданын алса да, атаусыз ел емес. Алаш арыстары тұңғыш ту көтерген Қарқаралысы, астанамен жалғасып «Абылай аспас Арқаның Сарыбелі» Осакаров, қос бүйірінде қазақтың қос ұлысы Абай мен Бұқар жырау аудандары жатыр. Кеңдікті, оған біткен елдікті айтсаңызшы! Елдік емей немене, осы аймақтың үш ұлы бірдей кеше республикалық «Жомарт жүрек» байқауында топ жарып жатыр. Қазақстан Қарағандыға қарады дегенім сол жоғарыда.

4-бет

Жомарттың жүрегі – елдіктің тірегі



21 қараша – Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні

Ауыл шаруашылығындағы ахуал



Құрманғазы ӨТЕБАЙ

Қарқаралы өңірі қойнына алтын мен күміс, темір мен мыс жасырып, қазақтың ұсақ шоқыларына кеңінен көсілген. Арқаның осы адырларында ежелден мыңғырған мал төбіндеп, бөріқарағайлы бұйра таулары мен доғал жоталарында қоңыр аң мекен еткен. Баяғы бір заманда Асан қайғы тамсанған Нұра мен Түндіктің бастауы да осында. Бетегелі белдері, көделі кең даласы, күміс жусан көмкерген тастақты жазығы бар контрастқа бай аймақ – Кеңес кезінде табын-табын қазақы жылқы өсіріп, отар-отар асылтұқымды қой өрістетіп, қора-қора қызыл-қоңыр сүтті сиыр сауып, мыңдаған адамға кәсіп пен нәсіп берген. Бағзы бабалар мыңдаған жылдар бойы игерген ауыл шаруашылық саласының Қарқаралыдағы қазіргі қарқыны қандай? Жаңа дәуір берген диқаншылықтың жай-күйі нешік?

5-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

«Қарқаралы»
газетіне 2022 жылға
жазылу басталды.

«Қазпочта» АҚ
Индексі-65626;
Жеке адамдар үшін
6 айға – 1110 тг,

Индексі-15626;
Кәсіпорындар үшін
6 айға – 1500 тг.

Жалпы тарихтан бастайық, аталмыш желі 2017 жылы ашылған болатын. Осы аралықта волонтерлер желісі бірқатар белестерді бағындырды. Қазіргі таңда аудандық, облыстық, республика көлемінде өзінің жұмысын көрсетіп жүр. Биылғы жылыда бірқатар жобалар мен іс-шараларды атқарды, атқарып келе жатыр. Бүгінге күні волонтерлер желісінде 200 шамасында ерікті тіркелген. Еріктілер қайырымдылық және экологиялық акциялар сынды жұмыстарды жүзеге асырып келеді.

Қозғаушы күш

«JasStar» желісінің жалындаған жетекшісі

Жастар – қашанда қоғамның қозғаушы күші. Болашағын бағамдайтын мемлекет жастарының санасының ояу, білімінің жоғары болуына басты мән береді. Білім мен ғылымның салтанат құруы Отанның еңсесін ешкімге бастырмауға сеп болатынын бүгінгі заман дәлелдеп отыр.



Жастарды тәрбиелеудің маңызы жайында Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады», – деп атап көрсеткен болатын.

Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті.

Осы орайда Қарқаралы ауданының жастар ресурстық

орталығы жанынан ашылған «JasStar» волонтерлер желісінің жетекшісі – Әбілқасым Дархан жайлы айтып кеткім келіп отыр.

Жалпы тарихтан бастайық, аталмыш желі 2017 жылы ашылған болатын. Осы аралықта волонтерлер желісі бірқатар белестерді бағындырды. Қазіргі таңда аудандық, облыстық, республика көлемінде өзінің жұмысын көрсетіп жүр. Биылғы жылыда бірқатар жобалар мен іс-шараларды атқарды, атқарып келе жатыр. Бүгінге күні волонтерлер желісінде 200 шамасында ерікті тіркелген. Еріктілер қайырымдылық және экологиялық акциялар сынды жұмыстарды жүзеге асырып келеді.

Сонымен қатар, «Samgau Upshift» жобасы аясында Қарқаралы ауданында алғашқы волонтерлерге арналған форнт офисты ашуға мұрындық болды. Осы жобалардың басы-қасында жүрген, Қарқаралы ауданының М.Әдекенов атындағы ауылшаруашылық колледжінің студенті – Әбілқасым Дархан. Ол «Қазақстанның мүдделерін әлемдік деңгейде ілгерілету мақсатында волонтерлік ұйымдардың халықаралық диалог алаңдарына қатысу» тақырыбында өткен байқауға қатысып жеңімпазы болып танылды. Аталмыш байқауға 180 ұйым өтініш беріп, 15 қатысушы жеңімпаз атанды. Бүгінде Дархан Ресей Федерациясының Омбы (Омск) қаласында өтіп жатқан диалог алаңына қатысуда. Дарханға аудандық жастар ресурстық орталығы және аудан жастары атынан сәттілік тілейміз!

Ерсайын ҚОБЫЛАНДЫ,
Қарқаралы ауданының жастар ресурстық орталығының директоры.



Qarqaraly

20 қараша, 2021 жыл

Қарқаралы ауданы әкімінің «Сұңқар» жастар сыйлығын беру жөніндегі байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, аудан жастары қозғалысының дамуын ынталандыру мақсатында Қарқаралы ауданы әкімінің «Сұңқар» жастар сыйлығы беріледі.



Сыйлық 14 жастан 29 жас («Жастар саясатын дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясынан басқа) аралығындағы жастар ортасында жемісті ғылыми, шығармашылық, кәсіби және қоғамдық қызметімен танымал болған ауданның жас азаматтарына беріледі, келесі іріктеулер критерийлерін басшылыққа алады:

1. «Жастар саясатын дамытуға қосқан үлесі үшін» – жастар бастамашылығын дамытуға, жастардың өз-өздерін дамытуына жағдай жасауға, жастардың көкейкесті мәселелерін шешу мен жаңаша белсенді ұстанымдарды қалыптастыруда белсенділік танытушы мемлекеттік және азаматтық қызметшілер, мемлекеттік емес ұйымдардың, ЖОО және арнайы орта оқу орындарының, білім, мәдениет, медицина және жұмысшылар саласының жастар және басқа жас ерекшелігіндегі өкілдері;

2. «Үздік жас Отан қорғаушы» – патриотизм, кәсіби және басқа да жетістіктері үшін мадақтамалары және т.б. жетістіктері бар әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының жастары;

3. «Үздік жас мәдениет қызметкері» – әдебиеттің, музыканың, туризмнің, өнердің дамуына қосқан үлесі үшін мәдениет саласының қызметкерлері (суретшілер, дизайнерлер, фотографтар, музыканттар, актерлер, қолөнерінің шеберлері, экскурсоводтар, әдебиетшілер және т.б.), шығармашылық сайыстарға қатысу, шығармашылық жобалардың, жұмыстардың мадақтамалары, дипломдарының болуы;

4. «Үздік жас спортшы» – ауданның спортының дамуына үлес қосқан, өзінің шеберлігін және спорттық деңгейін арттырған, спорттық сайыстардың жеңімпазы, мадақтамаларының бар болуы;

5. «Жылдың үздік жас ұстазы» – білім ұйымдарының оқытушылары және ұстаздары, мектептен тыс ұйымдардың ұстаздары, бала бақшалардың тәрбиешілері, жасөспірімдердің тәрбиесіне және оқуына қосқан үлесі бар және әдістемелік жеңілдіктер құрастырғандар;

6. «Жылдың жас көшбасшысы» – бұқаралық ақпарат құралдарында табысты жүзеге асырылған жобалары кеңінен жарық көрген, жастар саясатына белсенді қатысатын, ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттері бар ауданның белсенді жасы.

Сыйлық Қарқаралы ауданы әкімі лауреаттарын іріктеу жөніндегі комиссиясының шешімімен тағайындалады. Сыйлық алғаннан кейін ұқсас номинация бойынша сыйлық лауреаты атағын екінші рет тағайындауға жол берілмейді.

Сыйлыққа үміткер лауреаттарды Қарқаралы ауданының жергілікті және өзге де мемлекеттік органдары, шығармашылық және кәсіби одақтары, ұйымдар мен мекемелер, қоғамдық жастар бірлестіктері ұсынады.

Байқауға қатысу үшін қажетті құжаттар: – түйіндеме, жеке бас куәлігі (көшірме);

– мемлекеттік органдар және/немесе мекемелердің, қазақстандық және/немесе халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың, бизнес-құрылымдардың, өзге де ұйымдардың үміткердің атына жазылған ұсыныс хаттары; – 7 фотосурет: 1 стандартты, құжаттар үшін (3x4), 3-«жұмыс үстінде», 2-«бос уақытта»; фотосуреттер басылған – мемлекеттік тілде «Неге мен «Сұңқар» сыйлығына лайықтымын» тақырыбында эссе. Көлемі MS Word басылымдық мәтінінде 1 беттен аспауы керек, қаріп - Times New Roman, келгі 14, аралық 1,5; – жетістіктерін растайтын құжаттар (мақтау қағаздарының, дипломдардың, сертификаттардың, лицензиялардың, патенттердің, баспа, БАҚ-тардағы мақалалар (мақалалардың кесінділері, газет, журналдардағы мақалалар (немесе олардың көшірмелері).

Құжаттарды комиссияға 2021 жылдың 7 желтоқсан айына дейін мына мекенжай бойынша жіберу қажет: Қарқаралы қ., В.Рей к., 50 «Қарқаралы ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ, тел.: 8(72146) 32-5-43.



Қарқаралы ауданында 2021 жылы «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы аясында 4 жоба қолдау тапты. Бүгінгі таңда соның екеуі бойынша жұмыстар аяқталып, қалғандарында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ел игілігіне бағытталған істер келесі жылы да жалғасын таппақ. Инфрақұрылымдық жұмыстарға бөлінген қаражат нақты мақсаттарға жұмсалуда.

«Ауыл – Ел бесігі»

Қарқаралы ауданында 2021 жылы «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы аясында 4 жоба қолдау тапты. Бүгінгі таңда соның екеуі бойынша жұмыстар аяқталып, қалғандарында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ел игілігіне бағытталған істер келесі жылы да жалғасын таппақ. Инфрақұрылымдық жұмыстарға бөлінген қаражат нақты мақсаттарға жұмсалуда.

Арнайы жоба – ауқымды істер

Аяқталған қос жоба:

1. «Егіндібұлақ ауылындағы ауылшілік жолдарына орташа жөндеу». Мердігер «Bakzhol NS» ЖШС. Жұмыстардың басталу күні 10.06.2021ж. Жұмыстар 2021 жылдың қазан айында толық аяқталды (қиыршық тас негізін жөндеу, асфальтбетон жабынын төсеу, жол жиегін орнату);

2. «Борлыбұлақ а. кіреберіс автокөлік жолдарына орташа жөндеу». Мердігер «Bakzhol NS» ЖШС. Жұмыстардың басталу күні 05.07.2021ж. Жұмыстар 2021 жылдың қыркүйек айында толық аяқталды (қиыршық тас негізін жөндеу, асфальтбетон жабынын төсеу, жол жиегін орнату).

Екі жоба бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылуда:

1. «Қарағайлы кентіндегі №16 орта мектебінің күрделі жөндеу жұмыстары» жобасы өтпелі жоба (2020-2021ж.). Мердігер «Марал Құрылыс» ЖШС. Ағымдағы жылдың жұмыстарының басталу күні 12.07.2021ж. Ағымдағы жылдың желтоқсан айында жұмыстар аяқталу күтілуде;

2. «Егіндібұлақ ауылында 100



Егіндібұлақ ауылында ауылшілік жолдарын орташа жөндеу, 10,3 км.

орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» жобасы өтпелі жоба (2021-2022ж.). Мердігер «Агропромремстрой» ЖШС. Жұмыстардың басталу күні 05.06.2021ж. Жоба бойынша жұмыстар 28,0% орындалды. Жер жұмыстары және іргетасын қалау жұмыстары аяқталды. Қазіргі уақытта су құбыры желілері мен көріздерін салу, темір бағаналар мен ғимарат фермаларын орнату жұмыстары жүргізілуде. Нысанның пайдалануға берудің жоспарланған күні 2022 жылдың қазан айы.

«Борлыбұлақ ауылына кіреберіс жолын орташа жөндеу, 2 км.»

«Қарағайлы кентіндегі №16 орта мектебінің күрделі жөндеу жұмыстары»

«Егіндібұлақ ауылында 100 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» жобасы.

А.Апендина,
Қарқаралы ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы.

Алғыс

Абзал жандар – жан арасшасы



Қарқаралы оңалту орталығының медеткер мамандары мен Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысы Әсем Джунуспековаға емделушілер атынан зор алғыс айтамыз!

Осы сауықтыру мекемесінің директоры Дарын Әубәкіров мырза мен басшының білікті орынбасары Жақыпова Айгүл ханым халық игілігі үшін сауапты іс атқаруда. Оны емделушілердің ыстық ықыласынан да байқауға болады.

Ауаға таралған ауыр металдар мен улы газдар, кездейсоқ апаттар мен кесепат кеселдер науқас жанды күйзеліске салады. Сонда сіздердей жұмысына сауатты денсаулық саласы, шаруашылық, асхана, мамандарының еңбегі бізге барынша демеу болды. Табиғаты тамаша Қарқаралы! Тасқа біткен қарт қарағайларға

қарап тұрып, біз де биікке талпынамыз! Дертті жеңуге, кеселді кемітуге кеңес беріп, науқастың жанына нұр сыйлаған абзал жандар! Еңбектеріңізге жеміс, дендеріңізге саулық тілейміз! Еткен еңбек пен жасаған шаруаларыңыз екі дүниеде де еселі сауапқа айналары сөзсіз. Алыста тілекші боп отырған отбасымыздың атынан сіздерге мол бақыт тілеп, зор алғыс білдіреміз!

В.Строгонов,
С.Сименов, И.Рамазанова,
С.Машенцев, А.Гудковская,
Д.Баймағамбетова,
В.Чернигова, Л.Иль.
А.Баккел, А.Аханов.

Өткенге – құрмет

Қараша айының екінші сенбісінде Бесоба ауылының 8-сынып оқушылары, тарих пәнінің мұғалімі Аширбеков Айдын Тұрсынұлының бастамасымен және Іңкар Мұғдарқызының жетекшілігімен Долинка кентіндегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау» тарихи-мұражайына барып қайтты. «Көппен көрген ұлы той» демекші, 2 сынып төмен оқысамда, ата-анамнан рұқсат алып, осы көшке менде ілестім.

Өткенсіз болашақ жоқ демекші, мұражайдағы тарих беттеріне үңілсек, сол қиын-қыстау, қаһарлы отты жылдардың, түрлі оқиғалардың куәгері боласың.

Мұражай қызметкері Әсем Ақанқызы 1-жарым сағатқа созылған экскурсияда келген қонақтарға ҚарЛаг жайлы түрлі деректер айтып, ақпарат жасады, атақты АЛЖИР туралы да таныстырды. Түрлі жәдігерлер мен адам бей-



Құпиясы терең

недегі кейіпкелер сол кезеңдегі тарихты айшықтап, сәулелендіре түскен. Ары қарай екі қабатты ғимаратты аралатып, ғимарат астындағы жертөледегі карцер, зындан, жазалау каме-

расы, ерлер және әйелдер камерасы сияқты және т.б. адам аяғы басуға келмейтін бөлмелердің куәгері болдық. Тарихтағы құпиясы терең, әлі зерттелмеген, жазықсыз құрбан болған, талай

ақтаңдақтардың, қыршыннан қиылған тағдырлардың аз емес екеніне көзіміз жетті деуге болады.

Әрине, қуғын-сүргін дегенде-ең әуелі елі, жері үшін құрбан

болған жазықсыз атылып кеткен Алаш арыстары еске түседі. Қаншама көкірегі ояу, көзі ашық азаматтарымыздың көбі қуғындалып, атылып кетті.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «1 наурыз – Алғыс айту күні» деп белгілегендігінің бірден-бір айғағы ретінде – көптеген ұлттарға пана бола білген, қамқорлығы мен бауырмалдығын танытқан, қонақжайлық көрсеткен қазақ халқының кішіпейлдігін паш еткен-құрт оқиғасы осы кезде еске түседі. Бір парақ беттегі Р.Голубеваның «Курт-драгоценный камень» өлең жолдары, мұражайда естіген «Земля Казахстана» әні көпке дейін құлағымызда жаңғырып тұрды...

Осындай қасіретке толы жылдардың шын куәгері ретінде өз көздерімен көріп қайтқан мектеп оқушылары, ұстаздары көп мағұлмат алып, үлкен әсермен, жаңа көзқараспен, қайтты.

Меруерт Рахымбай,
Бесоба ауылының
№8 тірек
мектебінің 6-сынып
оқушысы.

ҚарЛаг

Елін қорып, жеріне пана болған мұндай азаматтар берілген марапаттың өзіне абырой. Жүрген жеріне құт шашып, күлкі сыйлап жүретін тұлғаның ғұмыры ұзарып, халыққа қамқорлығы одан сайын арта берсін! Жомарт жүрек, ізгі тілек – мәңгі тірек елге. Елдің тірегіне айналған осындай азаматтар жасасын!



Жомарттың жүрегі – елдіктің тірегі

(Басы 1-бетте).

Бұл «Жомарт жүрек» республикалық байқауының жөні бөлек. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында дүниеге келген жоба бойынша, елдің әр түкпірінен халқына қамқор, жұртшылыққа жанашырлық жасаған атымтай жомарт азаматтарды тауып, соларды марапаттайды. Былайша айтқанда халық төбесіне тұтқанды құзырлы орын құрмет тұтады. Қырық жыл қызмет атқарған, бірақ сонысына тиесілі жамақасын алған лауазым иелері емес бұл атымтай азаматтар! Ел ертеңі үшін табысынан жырып берген ерлер десе болады. Қолынан келгенше қоғамына қоң етінен кесіп берген қамқор азамат, жомарт жандар. Елдікті де ұстап тұрған осылар, басқа емес. Оны халық менен жақсы біледі. Бұлардың біреуі өнерді, руханиятты дәріптеп, жалпы қазақ мәдениетіне қызмет етсе, енді бірі туған жеріне жағдай жасап, қаншама халықтың тұрмысын көтеріп тастаған біртуар десе жараспай ма? Бірінде осы қасиеттерді бәрі бар. Туған ауылын ғана түлетіп қоймай, республикалық деңгейдегі елдік шараларға демеушілік етуші, Қарағанды көлемінде қазақ тілінің десін көтермекке аймақтық газетті қаржыландырып отырған – белгілі шүлеңгір мырза, кәсіпкер, заңгер, Орталық Қазақстан академиясының ректоры Бақтыбай Жүнісов. «Қарағандыда қаншама орыстілді газет бар, жалғыз-ақ қазақ газеті шығады» дегенді естіп, намысқа тырысып, аймақтық «Арқа ақшамы» газетін шығарып, әлі күнге қаржыландырып келгені бір әңгіме. Былтыр пандемия басталғанда Қарқаралыға 9,5 млн теңге тұратын өкпені жасанды тыныс алдыратын ИВЛ аппаратын әпергені бір әңгіме. Басқа жұрт әлгіндей аппаратқа елден жылу жинап жатқанда, бұл кісі алғашқылардың бірі болып, бір құрылғыны туған ауданына сыйға тарта салды. Қазақ хандығының 550 жылдық тойына, Қасым Аманжоловтың 100 жылдығы, Қарқаралының 190 жылдығы, Төттімбет Қазанғапұлының 200 жылдығы, Тоқтар Әубәкіровтың 70 жылдығы мерейтойларындағы басты демеуші деп тізбелей беруге болар еді. Еңбегін бұлдап елге көрсеткенді жек көреді. Осы аталған жомарттықтарының өзін қасындағы «қулар» аузынан қағып алып, кәсіпкердің рұқсатынсыз әр жерге жариялап жіберген. Біз солардың әлеуметтік желі, сайттардағы жазбаларынан алып отырмыз. Бірақ, бірде-бір ресми газет пен телеарнаға өзін мақтатпағанына жанындағы жұрт куә. Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген «Жомарт жүрек» байқауында Бақтыбай аға «Жыл тұлғасы» номинациясын иеленіпті. Атына заты сай азамат тұлға десе тұлға.

Бұл жерде біз тағы бір нәрсені айтуды ұмытпауымыз керек. Ол – облыстағы «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңсесінің басшысы Айтбай Жұмағұлдың еңбегі. Ел ішінің беткеуштарларын танып, сыйлыққа ұсына білгенін атаусыз қалдырмаймыз.

Аймақтағы атымтай ердің бірі – Сапар Ипкеев мырзаны қазақ руханиятындағы жастардың көбі біледі. Арқадағы әдебиет пен руханияттың қолдаушысы ғана емес, жанашыр қамқоры. Алаштың арыстан

жүректі ұлы Жұмабек Ташенев есімін жаңғыртушы екендігін айтса да жеткілікті. Халық қаһарманы Жұмабек ата және елімізге белгілі бірқатар ұлы тұлғалар атындағы байқаулардың басты демеушісі. Жұмабек Ташенев атындағы жылдың үздік ақыны, айтыскері, жыршысы, тілшісі, тағы басқа арнайы сыйлықтар мен жүлделер тек Қарағандыда ғана бар үрдіс. Осы уақытқа дейін оннан астам жас ақынның тұңғыш жыр жинағын шығарып берді Ташенев есімінің құрметіне. Және бұл тек Қарағандыда ғана барын қадап айтамыз. Өзге өңірлердегі басқа да жас ақындар қарағандылық әріптестеріне қызыға қарап келеді сол үшін. Қазір біздің аймақтан кітабы шықпаған жас ақын таппайсыз. Жұмабек Ташеневтей арысты құрмет тұтқан Сапар Көшкенұлының арқасында. Бұл кісі «Жомарт жүректің» «Жыл меценаты» номинациясымен марапатталыпты.

«Нұрлан Айтмұхаметұлы – туған жерге туын тігіп, алтын бесік ауылдың өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген жомарт жан», – дейді облыстық «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңсесінің басшысы Айтбай Жұмағұл.

«Жомарт жүректің» «Туған өлке» аталымын қанжығалаған үшінші қарағандылық – Нұрлан Қалтаев. Арқада туған өлкесіне еңбегі сіңген екі адам болса, бірі – осы кісі. Бірнеше жыл бұрын Қарқаралы ауданы, Қоянды ауылына мешіт салып, алғысқа бөленгенін білуші ек. Сөйтсек, ол берісі екен. Туған ауылына мини-футбол алаңқайын салғаны өз алдына. Қазақ хандығының 550 жылдық тойына орай, 130 түп алма ағашын отырғызып, бау-бақшаның қақ ортасынан субұрқақ орнатқан деседі.

«Abadan» клубын құрған. Жекпе-жек спортының жаттығу залы. Клубта UFC жекпе-жегінің талаптарына сай келетін шаршы алаң да бар көрінеді. Кәсіпкер осы арқылы қазақ балаларының арасынан болашақ чемпиондарды дайындауда. Қояндыда ғана емес, Қарағандыда да бар мұндай жекпе-жек алаңы. «Мемлекет маған не береді деп өмір сүруді қойып, өзіміз мемлекетке пайдалы болатын іспен айналысуымыз керек», – депті бір сұхбатында. Тек елдің игілігін ойлайтын қаракөктің тұқымының аузынан түскен сөз емес пе?

«Атақ алып, сый көрейін деп еңбек етіп жатқаным жоқ. Түпкі мұрат – туған жер гүлдендіру. «Махамбет бабамыз «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім» демей ме? Біздің де мұрат құнарлы мекенге ел толтыру. Әрі жетімін жылатпаған елміз ғой, жаны жабырқау балалардың ата-ана қамқорлығын көруіне ықпал жасау. Балалық шағым өткен ауылды сақтап қалу. 10 отбасын көшіріп әкелдім. 7 баспана пайдалануға берілсе, 2 үйдің құрылысы жүріп жатыр. Алдағы уақытта да бұл жұмыстар жалғаса береді», – депті және өзі.

Елін қорып, жеріне пана болған мұндай азаматтар берілген марапаттың өзіне абырой. Жүрген жеріне құт шашып, күлкі сыйлап жүретін тұлғаның ғұмыры ұзарып, халыққа қамқорлығы одан сайын арта берсін! Жомарт жүрек, ізгі тілек – мәңгі тірек елге. Елдің тірегіне айналған осындай азаматтар жасасын!

Бекжан Бақтыяр.

Онлайн-кездесу



Онлайн жүздесудегі ойлар

Бірде Қарқаралы тарих-өлкетану музейіне соққанда Балқаш қаласынан Тұрсын Жұмабаев деген азамат тарих, шежіре білетін кісі бар ма деген соң телефоныңызды бердік деді. Содан 4 сәуір 2021 жылдан хабарласып, біраз деректермен алмастық, арасында «Қарқаралының қайсар қажылары» атты мақала, «Шұбартау болысының билер шежіресі» тағы да басқа деректермен алмастық. Содан Қарқаралы газетінің 11 қыркүйек 2021 жылғы нөмерінде «Әбдірахман туралы айтар болсақ» атты мақала жарияланыпты, авторы Мұрат Жұманбаев Аягөз қаласынан.

Алдында бір ватсаптағы жазбасында Қарқаралыдағы 78 коммунарлар зиратында атамыз Керей Әбдірахман Жүнісов бар деп айтқаны ойымдатынды. Содан жаңағы Қарқаралы газетіндегі мақаланы суретке түсіріп Балқашқа Тұрсынға жібердім. Қуанып, рахмет айтып жатыр дегендей.

Содан 15 қыркүйек 2021 жылы жіберілген мақаланы туыстарына Балқаштан Аягөз, Семей, Шұбартау жаққа хабар тарады. Осындай хабарды естуге дайын жүрген бе білмеймін 22 қыркүйек 2021 жылы маған хабар келді, Семей қаласындағы Абай атындағы облыстық ғылыми кітапхана революционер-большевик Ә.Жүнісов жайында танымдық онлайн іс-шара өткізгелі жатыр деген жазба келді. 25 қазан 2021 жылы Семейдің кітапханасынан 28 қазан 2021 жылы сағат 11-де онлайн конференция өтетінін хабарлады. Жіберген баспасөз парақшасында «Ел үшін туған есіл ер» Әбдірахман Жүнісовке арналған шара. Танымдық конференцияға қатысқандар Аягөз қаласынан Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Көксегенов Ақаш, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Жұмабаев Марат, Шұбартаудан жергілікті ақын Қарабалин Нәзір, Бидайық аулы Ардагерлер ұйымының төрағасы Кәрібайұлы Жәлел, ШҚО, Аягөз ауданы, Мәдениет ауылы мектеп директоры Гайсин Мұхит. Қарқаралыдан Мейірхан Қасымжанұлы, музейден ғылыми қызметкер Сәтбек Сламбеков және Мен, Саят Қуанышбайұлы, отставкадағы судья Марат Азбанбаев.

Осы шара алдында бір күн бұрын, яғни 27 қазан 2021 жылы музей басшысы мен ғылыми қызметкермен ақылдасып алдым ала Бауырластар зиратына барып бейне таспа түсіріп, Семейдің конференция ұйымдастырушыларына жіберген дұрыс деп шештік. Бауырластар зиратындағы Әбдірахман Жүнісов ескерткіш тасын тауып алып, басына құран бағыштап, сол жерде біраз тарихын айтып, бейнетаспаны жібердік. Ертеңінде 28.10.21 жылы сағат 11-де Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінде онлайн

конференция екі сағаттан артық болды. Баспасөз парақшасында көрсетілген барлық қатысушыларға сөз берілді. Бізге Қарқаралы өкілдеріне сөз берерде, алдым ала жасалған бейнетаспаны көрсетті. 78 коммунар зираты басында оқылған құран аяттары, сөйлеген сөздер 4 минуттан аса уақыт алды. Жарыссөзге қатысқандар ішінде Кәрібайұлы Жәлел сөз сөйлеп жатқанда Мейірханға айттым «Мына сақал-мұрты бар кісі менімен жасты» деп едім, «Оны қайдан білесіз» дейді. «Ол өзі бір жеке әңгіме» дедім.

Біз жәйда жүргенде осы 78 коммунар зираты жанынан өткенде бет сипап алашу акбар айтуды ұмытатынымыз рас. Осы конференцияға дайындалғанда біраз қолда бар ақпаратты ақтарғанда және жарыссөзде айтқандай бұл тақырып зерттелмеген екен. Блощицын деген большевиктің жазбасында, Ю.Попов зерттеуінде, Ш.Мезгілбаевтың жазбаларында әртүрлі цифрлар келтіріледі. Ю.Г.Попов зерттеуінде (Возвращение в Каркаралы 47-64 бет) зиратта 10 метрден 3 қатар қазылған, тереңдігі 2,5 метр, әр қайсысына 3 табыттан қойылған (42х3)=126 табыт қойылған дейді жазбасында. 78 коммунардың 3 тізімін көрдім. Соның бәрінде Әбдірахман Жүнісов – учитель деп көрсетілген. 1891 жылғы деп ескерткіш тасында жазылған. Ал туыстары, оның ішінде Жәлел Кәрібайұлының «Тұлғалар тағылымы» (09.10.2021ж. Аягөз аудандық газеті) Әбдірахман 24 жасында қаза тапты деп көрсетіледі. Сол 3 тізімді салыстырғанда екеуінде Жасанов Андрей бар, ал үшіншісінде жоқ. Себебі 1 ақпан 1921 жылы Мәди Алшынбаевты түрменің (қазіргі Айна ғимараты) жанында атып өлтірген осы башқұрт Жасанов Андрей. Бұл кісіді бауырластар зиратында жерленген, бірақ ескерткіш тас қойылмаған. «Қарқаралы трагедиясы» деген атпен тарих айдынында қалған марқұмдардың жатқан жерлері жәйлі, топырақтары торқа болсын демекпіз.

Саят Қуанышбайұлы, деректанушы.

Қарқаралы егін шаруашылығы бойынша тәуекелді аймаққа жатады. Жалпақ тілмен айтқанда, жауынды жаратқаннан ғана тілейсің. «Қарқаралы басынан бұлт тарқамайды» деген тұжырым бұл күні философиялық мәнге айналған секілді. Жалпы, ауа райы ауысты ма, әлде жаһандық климат өзгерді ме? Арқаның аптап шілдесінде жер суаратын жылы жаңбыр жоқ бұл күнде. Оған эрозияға ұшырап, құнарынан айрылған қара жердің жабынын қосыңыз.



Ауыл шаруашылығындағы ахуал

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

(Басы 1-бөтте).

Қарқаралы ауданының қарамағына 1 қала, 1 кент, 23 селолық округ кіреді. Мұндағы жұрттың қарасы 8 мың ауладан тұрады. Оның 6 мыңнан астамы төрт түлігін тізімге тіркеген. Оған асылтұқымды мал, егін мен азықтық шөп өсіріп, ауыл шаруашылық саласының дамуына елеулі үлес қосқан аудандағы 808 шаруа қожалығы мен 14 заңды тұлғаны қосыңыз. Есептей келсек, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы тұсында Қарқаралы өңірінде игерілген егістік еселеніп, төрт түлік пен құстың басы алты, одан түскен пайда тоғыз санмен өлшенеді екен. Оған Қарқаралы ауданы ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Айдын ҚАСЫМОВТЫҢ берген мәліметінен анық көз жеткіздік.

Қарқаралы ауданында ауыл шаруашылық бөлімінің статистикалық мәліметі бойынша ірі қара – 100,5 мың, қой мен ешкі – 146,9 мың, жылқы – 74,2 мың, құс – 62,9 мың басты құрайды екен. Ал, қамбаға 32,6 мың гектардан 25,9 мың тонна бидай, 10,7 мың гектардан 8,8 мың тонна арпа, 2 мың гектардан 1,6 тонна сұлы құйылса, қоймаға 23 гектардан 460 тонна картоп қапталыпты. Бұлардан өндірілген өнім көлемі 40088,2 миллион теңгені құрап тұр. Оның 10304 миллион теңгесі өсімдік шаруашылығына, ал, 29772,8 миллион теңгесі мал шаруашылығына тиесілі екен. Өткен жылмен салыстырғанда ірі қара 7 пайызға, жылқы 21,1 пайызға, құс 5,5 пайызға көбейсе, қой мен ешкі 6,9 пайызға кеміген. Ұсақ мал санының кемуі сала мамандарының саралауына сүйенсек жеңіл өнеркәсіптің жетектей алмауы себеп секілді.

«Жыл он екі ай атқа мініп, қой бағатын адам жоқтың қасы. Еттің бағасы биыл ғана көтерілді. Қой-ешкінің жүн-түбіті мен терісіне деген сұраныстың болмауы. Осы факторлар ұсақ мал басының кемуіне тікелей әсер етуде. Қой төлдеткен сақман уақыты, қи ою мен қырқын жұмыстары қол күшін қажет ететін ауыр науқан. Оған ветеринарлық жұмыстардың машақатын қосыңыз» – деді шопан ата түлігінің кемігеніне қынжылған сала басшысы А.Қасымов.

Қарқаралы егін шаруашылығы бойынша тәуекелді аймаққа жатады. Жалпақ тілмен айтқанда, жауынды жаратқаннан ғана тілейсің. «Қарқаралы басынан бұлт тарқамайды» деген тұжырым бұл күні философиялық мәнге айналған секілді. Жалпы, ауа райы ауысты ма, әлде жаһандық климат өзгерді ме? Арқаның аптап шілдесінде жер суаратын жылы жаңбыр жоқ бұл күнде. Оған эрозияға ұшырап, құнарынан айрылған қара жердің жабынын қосыңыз. Дегенмен, ылғалды сақтау технологиясын пайдаланып, құрғақшылықтың өзінде қамбасына толайым



астық бастырған шаруа иелері бар екен. Бір кездері тозығы жеткен ауыл шаруашылық жерлерін қайта қалпына келтіру бойынша мемлекеттік бағдарлама қолға алыныпты. Бірақ, қаражат бөлінбегендіктен оның арты сиыр-құйымшақтанып кеткенін де сала маманының сөзінен ұқтық.

Бұрындары бастаған Қырғыз ауылдық округіндегі Мұрат Талюкенов, Терісшілдік ауылдық округіндегі Қайырбек Қыдыралын, Ынталы ауылдық округіндегі Ардақ Елубаев басқаратын әлді шаруашылықтар мен кейінгі жылдары қарқын алған Абай ауылына қарасты «Атамұра-Табыс», Қасым ауылындағы «Төлеухан», Нұркен селолық округіндегі «Атамекен», Мамыраев мекеніндегі «Ерлан» шаруа қожалықтары біршама жерге гирбицидпен арамшөбін улап егін, көпжылдық шөп егіп, суармалы жерге жоңышқа секілді мал азығын өсіріп, тың әдістерді қолға ала бастапты. Дегенмен, кәсіп қылған көп жұртты қажытқан техниканың тозуы мен құрал-сайманның уақыты жетіп, қалжырауы. Биылғы жылы аудан бойынша 2 комбайн, 52 трактор, 14 – фронталды тиегіш, 3 – трактор тіркемесі, 78 – шөп шапқыш, пресс, тырма, КУН секілді қажетті ауыл шаруашылық техникасы алыныпты. Бірақ, 8 мың аула мен 800 ден астам шаруа қожалығына бөлгенде мұның аздық етері айтпаса да белгілі дүние.

Диқаншылықтан мал шаруашылығына қайта ойыссақ, мардымды көрсеткіштер мен маңызды іс-әрекеттің барына көз жеткіземіз. Атап айтсақ, Ардақ Елубаев басқаратын «Ынта» шаруа қожалығы талай жыл абердин-ангус асыл тұқымды сиырын өсіреді. Кезінде ірі қараның осы тұқымын АҚШ-тан арнайы әкелген қожалық басшысы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институттарының көмегіне жүгініп, аналық ірі қарасын Атлант мұхитының аржағынан алдырған ұрықпен қашырады екен. Оған қосымша күжірейген ангустың асылтұқымды, тоқал бұқаларын табынға қосады. Бұл – малдың қысыр қалмауына қыруар жұмыс атқарылады

дегенді білдіреді. Аналық малды арнай күтімге алып, буаздығын УЗИ аппаратымен анықтайтын көрінеді. Қажет болса түрлі дәрі-дәрмегі мен дәрумені егіледі. Қазақтың мал шаруашылығындағы ауыз толтырып айтарлық жетістік деп осыны айтуға болады. «Бақпасаң мал кетеді» деген сөздің төркіні текке айтылмағанын осы жерден аңғарсақ та болады.

Алпауыт латифундист болмаса да, «шөмелей шөпті қорыған ит» секілді бар жерді ешкімнің пайдалануына сенбей, жер бөліміне қайтарып беруге көнбей жүргендердің де қарасы аз емес екен. Олардың жеріне мониторинг жасалғанмен, қайтып алуға Мемлекет басшысы жариялаған мараторий кедергі көрінеді. Сондықтан, осындай шағын шаруашылықтардағы төрт түлік ауылдағы жұрттың малына қосылып, елді мекендердің айналасын қу тақырға айналдыруда. Жердің игерілмеуі жалқаулыққа байланысты емес секілді. Себебі, қыстақтарды қайта қалпына келтіріп, іс бастауға несие керек. Несиеге қол жеткізу үшін кепіл керек. Не болмаса, осы саладан салмақты пайда тапқысы келетін ақшалы инвестордың үлкен сенімі керек. Екеуі де қазіргі заманда қат дүниеге айналған. Мекенінде тақтайдай тас жолы, қалтасында қалың пұлы жоқ қазақ «құлақ кесті құл мен күң», яғни тұрақты мекені жоқ адамдарды іздейді. Мұндай істің берекелі болмасы анық. Оның тек заң бұзушылыққа ұрындыратынын көзбен көріп жүрміз.

«Жер кодексінің 92-94 баптарына сәйкес жердің мал басына шаққанда 20 пайызынан төмен мөлшері игерілсе, ол жер мемлекетке қайтарылуы керек. Болмаса бар малын дұрыс көрсетіп, ИСЖ базасына тіркету керек. Қарқаралы аймағы жартылай шөлейтті аймаққа жататындықтан, 1 бас ірі қараға 12 га, 1 жылқыға 15 га, қой-ешкіге 2,5 га жер тиесілі. Мәселен, шаруа қожалығында 1000 га жер бар делік. Мал басы 10 бас сиыр, 10 бас жылқы, 10 бас қой-ешкіні құраса, малға жалпы есебі 295 га жер тиесілі. Осыны, яғни 295-ті 1000-ға бөлсек 29, 5

пайыз шығады. Бұл көрсеткіш бойынша «шаруа жерін игеріп отыр» деген қорытындыға келеміз. Жер кодексінің 36 бабына сәйкес ауыл маңындағы жерлер резервке қойылады. Ол сол мекендегі жұрттың қажеттілігін өтеуге арналған. Өйткені, жер алу осы қарқынмен жалғасса, мемлекеттік қорда 5 жылда бос жер қалмайды» – деді бұл мәселеде ой қорытқан А.Қасымов.

Мал өсіруде бағзы бабалардың жолын Кеңес кезінде де ұстандық. Шопандар жаз жайлауда, қыс қыстауда мал бақты. Қазір ауыспалы жайылым мәселесі ақсап тұр. Бұл күні күзеу мен көктеуді қойғанда, жаз шыға жайлауға көшпейтін елдің қыстақ маңы қара тулаққа айналған. Тіпті, өлкелі шабындықтардың өздері тозып, мал азығын даярлау мұңға айналған. Қысқасын айтқанда, екпелі шөпті суаратын тоған, мәселені жөндеуге ниеттенген қоғам жоқ.

«Көктем шыға ауыл әкімдері мал бағынын ұйымдастыруы керек. Өйткені, 2 жылға берілетін «жайылымды басқару» деген жоспар бар. Айналымды жайылым төрт зонаға бөлінеді. Сондықтан, бағын дұрыс жолға қойылса жер тозбайды» – деді сөзін сабақтаған ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы А.Қасымов.

Аудандағы диқандар қауымын алаңдатқан өзекті мәселенің бірі – тұяқтының егінге түсуі. «Малыңды бақ» деп егінші кіжінсе, «Қорушы қой» деп көпшілік ренжиді. Анығында, мұның барлығы жауапкершіліктің жоқтығында. Өлде, «Жер дауының» үкімін «Жеті жарғыға» жазған бабалардың қаталдығы керек шығар. Ал, жаз бойы егінге түсіп, емін еркін жайылған 200 бастан астам арқарды қалай жазаға тартпақпыз? Ұлттық парктің аясынан сая тапқан киелі жануар сайын даланың қазақпен қатар иесі мен киесі емес пе?! Сондықтан, құлжа мен саулықты құр қуаламай фермерге компенсация жағын ойлаған да дұрыс болар-ау деп ойладық.

Малы егінге түскен адам 20 АЕК көрсеткіші шамасында айыппұл төлейді екен. Бұл – 58

мың теңге шамасы. Бірақ, оның шаруашылыққа пайдасы жоқ. Себебі, қаражат мемлекетке түседі. Зардап шеккен диқанға дым, ал, аз айыппұлға қысылған қырсық жоқ, қысқасы. Қос тарапты егестірмейтін ереженің тетігі қандай? Бұл сұрақтың да жауабын ойланып шешкен жөн секілді.

Қарқаралы ауданында сапалы шұжық пен ет өнімдерінің біршама түрін өндіріп, облыс көлеміне тарататын «Балқантау» кәсіпорны бар. Иесі – Өмірзақ Қабсаттаров. Бал қымызын шөлмекке құйып, шетелге дейін асырған Мұратбек пен Қайырбек Қыдыралындар сынды мыңдаған жылқы айдаған азаматтар да баршылық. Ал, сиыр сүтін өндіру мен өңдеуден Қарқаралы өңірі кенже қалып жатыр. Теміртаулық «Рен-Милк» кәсіпорнының сүт таситын көлігі жол бойындағы Матақ ауылына дейін ғана келеді. Қалған ауылдың жұрты баяғыша құртын дорбаға, майын қарынға сақтап, саудалайды. Бұл проблеманың тамыры тым тереңде. Басты мәселе – ауданды кесіп, Шығыс Қазақстан облысы арқылы Қытайға шығатын республикалық маңызы бар жолдың әбден тозуында. Бұл жол кен игерген алпауыт компаниялардың технологиялық «соқпағына» айналғалы біраз жылдың жүзі болды.

Біз «Родина» шаруашылығын басқарған Сауэрді мысалға келтіре тамсанамыз. Ал, қазақ ауылдарындағы жауыр болған жолды айтқанда үнсіз қаламыз. «Құлағым ашық, бірақ, тіліңді тісте, қазақ!» деген принципті ұстанудан танбасақ, қалың жұрттың ауылды тастап, үдере көшу үрдісі тоқтамақ емес. «Қарқаралы өңірін қажытқан осы мәселе ауыл шаруашылығы мен туризмді тұсап отыр» десек артық айтпаған боламыз. Күре тамырында қан жақсы жүгірсе, өңіңе қызыл шырай кірмей ме?! Сондықтан, Алаштың жүрегіне ұшқын жаққан мекеннің өлімсіреген үмітін қайта тұтату астанадағы үкіметтің қолындағы шаруа. Әйтпесе, «республикалық жол», «алпауыт компаниялар» деген тіркестерге өңір түгіл, аймақтағы басшылықтың әлі келмейтіні айдан анық дүние.

Бағзы бабалар табиғатпен үндесе өмір сүрген. Қоңыр аң ермен шөпке жайыла бастағанда, жылқысын жусанға құлатып, қойын ашылы қодыраға баққан. Жерді де тоздырмаған, малдың іш құртын жойып, дертті де оздырмаған. Қазір «ақыл – алтау, ой – жетеу» болып тұр. Өзгерген мал бағу мәдениеті ме, әлде адами этика ма? Өлде, барлық салада «Сөз түзелді, Тыңдаушы, сен де түзел» дейтіндей жүйелі реформалар керек пе? «Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмайтын» жол қайсы? Оқырман сіз не дейсіз?

Өнегелі өмір

2021 жылдың 7 қарашасында зейнеткер ұстаз білім саласы бойынша аудандық, облыстық республикалық Құрмет грамоталарының иегері, Ұлы Отан соғысы жылдардағы Тыл ардагері, Ұлы Жеңістің 30,50,65,75 жылдықтырына орай медальдарымен марапатталған 6 баланың (4 қыз, 2 ұл) әкесі ұлдарынан немере, шөбере, қыздарынан жиен, жиеншар сүйіп отырған ата Шаймерденов Камаш дүниеден өтті.

Шаймерденов Камаш (Камалиден) 1930 жылы 23 ақпанда Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Сталин колхозы, Калинин бөлімшесінде дүниеге келген.

1948 жылы ауыл мектебін үздік бітірген түлек Қарқаралы қаласындағы мұғалімдерді дайындайтын, педагогикалық училищесіне түсіп, 1950 жылы қызыл дипломмен аяқтап шығады. Қарқаралы ауданындағы мектептерде мұғалімдік қызмет ете жүріп, Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түседі. 1962 жылы тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша оқуын

ойдағыдай аяқтап шығады.

Жоғары білімді білікті маман аудандық білім бөлімінің бұйрығымен 1962 жылы Бесоба ауылы, Қызылту мектебінің директорлығына тағайындалып, бұл жұмысты 1970 жылға дейін абыроймен атқарады.

1978 жылы Фрунзе совхозы, Аққора бөлімшесіндегі мектепке директор болып ауысады. 1980 жылы өзінің туған ауылы Калинин жеті жылдық мектебіне тарих пәнінің мұғалімі ретінде жұмысқа кіріп, 1990 жылы зейнеткерлікке шығады.

Өмірінің ең бір керемет кездерін жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беруге арнады. Қызыл ту ауылы мен Аққора ауылдарындағы мектептерде директорлық қызмет атқарған кездері мектептің материалдық базасын нығайтуға, педагогикалық кадрлармен толықтырып тұрақтандыруға жасаған еңбектері зор.

Шаймерденов Камаш ақсақал зейнеткерлікке шыққаннан кейін, заман ауанын байқап, жұмыссыздықтың болатынын білген. Өзі бас



болып құжаттарды реттей жүріп, «Рамадан» жеке шаруа қожалығын құрды. Ұлдары Нұржан мен Сабыржанды шаруашылықты жүргізуге үйретіп жөн сілтеп отырған.

Бүгінгі күн «Рамадан» шаруа қожалығы үйір-үйір жылқысы, табын-табын сиыр бар, Қарқаралы ауданындағы ең ірі шаруашылықтың қатарына жатады. Артына осындай мұра қалдырған Камаш ақсақалдың жүріп өткен өмірі мен атқарған жұмыстары біздерге мәңгілік өнеге.

Жанар Гимадиев,
Тегісшілдік ауылының
№ 6 жалпы білім беретін
мектебінің директоры.

Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласы тұрғыны асқар тау әкеміз, ардақты атамыз **Мырзагельдин Қайыр Қабденұлын** 17-ші қараша күні 60 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз! Ардақты әке жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп ұзақ ғұмыр жасай беріңіз. Осы жасқа келгенше жұрт тамсанарлық істеріңіз көп-ақ. Алдағы уақытта осы істеріңіздің жемісін көріңіз!

Сәйгүлік барар жерге барып тынар,
Жақсы адам шамшырақтай
жанып тұрар.

Көтеріп немеренің еркелігін.
Қамқоршы жақсы туыс бауырлар.
60 деген асқар тауға
Адымдап келіп қалыпсыз
Халық деген қалың елден
Абырой жинап алыпсыз
Ақырын жүріп анық басу
Қағидаңыз өмірде
Тек денсаулық тілейміз
Болмасын кірбің көңілде.



Ізгі ниетпен: **жары – Гульнара балалары – Ерлан-Санду-гаш, Иран-Гүлмекен, немерелері Диас, Алан.**

Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласының тұрғыны сүйікті ұлымыз, қадірлі бауырымыз **Қабдырашев Жандос Нұрланұлын** 30 жас мерейтойымен, сүйікті де сүйкімді немереміз **Нұрай Жандосқызын** 1 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Жандос жасың ұзақ, отбасың аман, денсаулығың мықты, еңбегің жемісті болсын! Нұрай немерем жасың ұзақ, денсаулығың зор болсын! Біз бен ана-анаңның көз қуанышы болып аман-есен жүре бер!

Ізгі тілекпен: **анаң – Зауре, ағаң – Олжас.**



Құттықтаймыз!

Қарағайлы кентінің тұрғыны, аяулы анамыз **Жұманова Камария Алькенқызын** 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Анамызға мол бақыт, қажымайтын қажырлы күш-қуат, сонымен қатар, әрине, бірінші байлық – денсаулық тілейміз. Жанары қуаныштан бал-бұл жанып, айналасындағыларға пана болып, аман-есен жүре беріңіз. Аяулы Ана! Жасыңыз 100-ге келіп, ортамызда қызығымызға тоймай жүре беріңіз.

Ізгі тілекпен: **балалары, немерелері, жиендері.**



Құттықтаймыз!

Қарқаралы қаласының тұрғыны, аяулы анамыз **Жұмабекова Раиса Темірбекқызын** 20 қараша күні 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздейтін аяулы анамыз Сізге әлемдегі бар жақсылықты тілейміз. Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін! Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға нұрыңызды шашып, Аналық бақытқа кенеліп ортамызда жүре беріңіз!!!

Балалары: **Игор-Мира, Дамир-Гүлжанат, Нұрлан-Айдана, немере, жиендері Саида, Едіге, Нұраян, Нұрасыл.**



Құттықтаймыз!

Бүркітті ауылының тумасы **Габдуллина Гүлсара Мейірманқызын** 23 қараша күні 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз! Сіз өмірден мол тәжірибие жинақтап, ұжымда жастарға ақылшы болып отырсыз. Осы қалпыңыздан таймай, асулардан асып, берекеңіз тасып, жұбайыңызбен бірге балаларыңыздың қызығын көріңіз.

Құтты болсын 50 жасыңыз,
Әріптестерге сыйлы жанның бірісіз.
Қуанамыз өзіңізбен әрқашан,
Шықсын ылғи алдыңыздан ізгі күн.
Ізгі тілекпен: **№ 20 мектептің кіші қамту қызметкерлері.**



МҚҰ «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» МФО

вход на сайт

ЭВЕРЕСТ Финанс

кереметті % МӨЛШЕРЛЕМELER
красивые % СТАВКИ

до 1 000 000 ТГ

МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге
(78 жасқа дейін) және
жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін
ОҢАЙ, ЫНҒАЙЛЫ
ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ!

МИКРОКРЕДИТЫ
✓ для пенсионеров
(до 78 лет)
и работающих
✓ без залога
✓ до шести лет
ПРОСТО, УДОБНО
И БЫСТРО!

г. Караганда, ул. Алиханова 8А
(слева от ТД Абзал) офис 3А,
☎ 8 707 060 64 61, 8 707 060 64 66

Все подробности на сайте everestfinans.kz

03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Қоғамдық тыңдау

«Алайғыр» БК» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес 2021 жылы 30 желтоқсанда сағат 10.00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қ., Т.Өубәкіров көш., 23 (Қарқаралы ауданы әкімдігі, мәжіліс залы) «Қарағанды облысындағы Алайғыр кен орнындағы полиметалл кендерін өндіру және қайта өңдеу бойынша тау-кен байыту зауытының және үшінші іске қосу кешенінің инженерлік инфрақұрылым нысандарының құрылысы» жобасы бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecportal.kz> Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО-ның «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Қарағанды қаласы, Степной 2 ықшамауданы, 6/1 ғимарат мекенжайы бойынша немесе Нұрсұлтанның электрондық поштасы арқылы қабылданады: Nursultan.aubakirov@alaigyr-tks.kz. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>» сайтында беріледі.

Қосымша ақпаратты Қарағанды қаласы, Степной 2 ықшамауданы, 6/1 ғимарат мекенжайы бойынша және 8 (7212) 55-88-99 телефоны бойынша алуға болады.



Азиялық Несие Қоры

Приведите к нам своего друга, и мы подарим вам 3 000 (три тысячи) тенге! Расскажите о нашей акции друзьям, соседям и коллегам! И Вы не останетесь без ПОДАРКА!

Акция проводится до 31.12.2021 включительно. Мы ждем вас!

Наш адрес: г.Каркаралинск, ул.Т.Аубакирова 25 (здание «Казпочты», 2 этаж) Колл центр: 5061 (бесплатно с мобильного) Акбаян 8 777 950 23 78, Назерке 8 771 775 53 74, Еркін 8 771 746 42 40, Лаура 8 771 721 22 87.

Сіз ауылшаруашылық техникаңызды жаңартқыңыз келеме? Сізауылшаруашылық техникасына жаңа қосалқы бөлшектер сатып алғыңыз келе ме? Біз сіздерге осы жоғарыдағы мақсаттарға 5 млн. теңгеге дейін «Даму» қоры арқылы жылына 6%-дық мөлшерлемен жепілдетілген кепілсіз несие алуға көмектесеміз.

Тел.: 87013680513.

Қарқаралы ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі 2021 жылғы 16 қарашадағы конкурс жеңімпаздарының тізімі

Р/с, №	Жер учаскесінің лот №	Жер учаскесінің сипаттамасы (топырақ түрі, алқаптардың құрамы, балл бонитеті)	Жалпы алаңы, га	Жалға алу мерзімі, жыл	Конкурстық жеңімпаздың атауы, аты- жөні	Жеңімпазды анықтауға негіз болған шарттар
1	2	3	4	5	6	7
1	Жаңатоған а/о Лот №6	Қою қызыл топырақтар	399,0	20 жыл	Тұрсынхан Еламан	15 балл
2	Жаңатоған а/о Лот № 7	Қою қызыл топырақтар	398,0	20 жыл	Тұрсынхан Еламан	15 балл
3	Мади а/о Лот №4	Қою қызыл топырақтар	278,5987	20 жыл	Толеубаев Аман Сайлауевич	20 балл (комиссия дауысымен)

Общественные слушания

ТОО «СП «Алайғыр» в соответствии с требованиями статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10 часов 00 минут 30 декабря 2021 года по адресу Карагандинская область, Каркаралинский район, г.Каркаралинск, ул. Т.Аубакирова, 23 (Акимат Каркаралинского района, конференц зал) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Строительство обогатительной фабрики и объектов инженерной инфраструктуры третьего пускового комплекса горно-обогатительного комбината по добыче и переработке полиметаллических руд на месторождении Алайғыр в Карагандинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу г. Караганда, микрорайон Степной 2, строение 6/1 или на электронную почту Nursultan.aubakirov@alaigyr-tks.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>».

Дополнительную информацию можно получить по адресу г. Караганда, микрорайон Степной 2, строение 6/1 и по телефону 8(7212)55-88-99.

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы қаласының тұрғыны баламыз **Нұртай Нұртас Болатұлы** өмірден өткеніне 26 қарашада 40 күн болады. Нұртас баламыздың қазасы орны толмас қайғы болды. Арман мақсатына жеткізбей, көрер қызығын көрсетпей 21 жасында өмірі ерте үзілді. Нұртасымызды қашанда сағына еске алып рухына дұға тілейміз. Жаны жанатта болып, қабірі нұрға толсын дейміз.

Нұртасымызды алды қу жалған,
Жанарды жаспен суғарғам...
Шөлге айналды енді нулы орман,
Өмір тұрады у, балдан...
Көнеміз басқа салғанға,
Мәңгілік кім бар жалғанда.
Ата-анаң қалды азалы,
Арманда кеттің арманда...
Еске алушылар: **ата-анасы, әжесі, аға-жеңгесі, бауырлары, туыстары.**
Баламыз Нұртастың 40 күндік асы 2021 жылдың 26 қараша күні сағат 13:00-де «Асылан» кафесінде беріледі.



ЕСКЕ АЛУ

Нұркен ауылының тумасы, Қарқаралы қаласының тұрғыны, аяулы жар, ардақты әке, отбасының тірегі, жанашыр аға, бауырларына қамқоршы бола білген **Смағұлов Мұрат Серікұлының** 23 қарашада фәни дүниеден бақиылыққа озғанына 1 жыл болды. Әкемізді әркез еске алып, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын деп Алладан тілейміз.

Жан-Әке ұл-қызының тірегі едің,
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда,
Айтқан сөзің, төтті күлкін жадымызда.
Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы
Сағынышпен туғандарын еске алады.

Еске алушылар: **жары – Люба, балалары – Жасұлан-Ғалия, Дархан-Ақерке, немерелері – Жанель, Расул, Смагуловтар отбасы.**



ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы ауданы, Аппаз ауылының тумасы асыл азамат, қимас бауыр, асқар тау әке, ақкөңіл аға, анамыздың бауыр еті баласы **Дулат Асқарұлының** дүниеден өткеніне де 27 қараша қырық күн болды. Қамшының сабындай ғана өмір сүрген ардақты ағамызды қабырғамыз қайыса, сағынышпен еске алып, қабірі жарық, топырағы мамық, мекені жұмақ болсын деп дұға бағыштаймыз. Ұмытпаймыз, қимаймыз, сағынышпен мәңгі еске аламыз.

Тағдыр салды, біз көндік бауырым-ай,
Қайғының қасіреті ауырын - ай.
Сен кеткелі қырық күн өтіпті ғой,
Сыздайды жүрек шіркін, бауыр ұдай.
Көзде жас, жүректерде сағыныштар,
Жүйрік көңіл қиялға алып ұшқан.
Бәріміз дұға тілеп құлыншағым,
Жылаймыз күні-түні сағыныштан.
Анашың, туыс бәрі жылап жүрміз,
Қайғыдан тізе бүгіп құлап жүрміз.
Орның үңірейіп қалды ағам,
Алладан иман байлық сұрап жүрміз.
Жайқалған көктемдегі құрақ едің,
Мөп-мөлдір, тап-таза бір бұлақ едің
Мәңгілік жұмақта бол Алла қолдап,
Мінгенің болсын сонда пырақ сенің.
Көңілден кетпейді ғой, тұрады мұз,
Сан сауал жүректерде тұрады жүз.
Тірілер, қолымыздан не келеді?!
Оқытқан қабыл болсын Құранымыз! – деп сағынышпен еске аламыз.

Еске алушылар: **анасы – Мағира, қарындастары – Гүлдана-Жанболат, Лаура-Ербол, жиендері, жары – Жұлдыз, балалары Дарын, Наргиз, Нұрмұхамед, Бибиғайша, Нұрасыл, туған-туыс, ағайындары.**
Дулат Асқарұлының қырық күндік асы 27 қараша күні сағат 13:00-де Аппаз ауылының мешітінің асханасында беріледі. Асқа барша ағайын-туыс, аға-бауырлары, құда-жекжат, дос-жаран, қайғымызды бөліскен ауылымыздың тұрғындары, ағамыздың достары баршаңызды шақырамыз.



ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы ауданы, Аппаз ауылының тумасы **Дулат Асқарұлының** дүниеден өткеніне 27 қарашада 40 күн болады. 40 күн өтті, өзінді көрмегелі Еске аламыз жарқылдаған жүзіңді Еске аламыз суық қара жерге бере алмай Сағыныштан ет жүрегіміз езілді. Амал барма құдірет күшті құдайға Не істерін Алла бізден сұрайма? Асыл бауыр, ақ жүзіңді сағынамыз, Алланың жазғаны ғой не қыламыз. Сондада ойлай-ойлай нұр жүзіңді Туған туыс, дос жаран боп еске аламыз. Алла салды басымызды сынақты Жиі еске алсын деп пе жылатты Қайғысы мен қызығы көп өмір-ай Бірде көтеріп, бірге жығып, құлатты. Бауырлардың әрдайым тірегі едің Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің Болмасаң да бүгін біздің жанымызда Айтқан сөзің, төтті күлкің жадымызда. Еске алушылар: **Ағалары – Асқарбек-Сауле, Ақан-Жұмажан, Асылан-Мейрамгүл, Жасулан-Мөлдір, Арман. Апалары: Алмагүл-Серік, Бейбігүл-Қуан. Бауырлары – Айгерім-Ақан, Данияр-Айсұлу, Мирас-Аяғөз, Мадияр, Айдана-Эльдар, Гүлдана-Дастан, Аяла.**
Дулат Асқарұлының 40 күндік асы 27 қараша күні, сағат 13:00-де «Аппаз» ауылының асханасында беріледі. Көңіл білдіріп келген туған-туыс, құда-жек жат, дос жаран, ауылдастар көз-көргендер шақырылады.



Көктас ауылына қарасты Жаңажол елді мекенінде үй сатылады. Үй еңсесі биік, 4 бөлмелі, құрғақ, бөлмелері үлкен. Кухня, ванна, су тартылған. Картоп отырғызатын жері, теплица бар. Мал ұстауға қоралары дайын, ыңғайлы. Бағасы келісім бойынша. Байланыс телефон: 87214633606, 87214633539, 87752609672, 87752569367.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Көктас ауылына қарасты № 4 орта мектеп ұжымы осы мектептің ұстазы Қадауов Ермак Саткуловичке інісі

Ермағанбетің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Наши ребята выступили очень надёжно, оба стали призёрами области. Алдияр завоевал бронзу, Назерке-серебро. Это-достойная награда за упорный труд и, безусловно, серьёзный успех.



«Өлеңге әркімнің бар таласы»

Ұрпағымыз асыл текті қазақтың...

Қозғасаң тарих шерін өрең жетпес
Ұлы дәуір өткенін түсіндік көш
Зұлмат жылдар «ақтабан шұбырынды»
Бөтен елге «көшпенді» шұбырды көш

Ол кездің руластық намысы бір
Асыл текті ұрпаққа жұқтырмау кір
Жермен жесір даулары содан шыққан
Ата жұрты бесбошан шежіре жыр.

Киелі құтты қоныс Едрей елі
Сұлулықтың күмбезі тарих шері
Тау тасына секірген балалық шақ
Ойсыз өткен «бал дәурен» қайтпас кері.

Сырлы құпия жері көп асыл текті
Табиғаты құлпыртып жер, су, шөпті
Бұлағына жуынып, жеке жастап
Жер қадырын кім білген өмір әккі

Бұлбұлдың бес баласы тулы тек
Бөтені жоқ таратсаң тармағы көп

Шаншардың кенже інісі Құдайберлі
Әкімшілік қауымда болыпты шеп.

Мал жан өсіп ой түскен ру текке
Ши шығармай бітімді салды епке
Алшынбай, Тәттімбетке жүгіндіріп
Тіл шешенін жұмсаған ояз бекке.

Тіл тиегін ағытып оязға өрлеп
Жоғарыдан сұраныс жерін бөлмек
Тәттімбеттің сенімін ақтап келсе
Ұлы тұлға шешімі бата бермек.

Халық қамы бөлінді Қарқаралы
Құдайберлі әулеті Арқадағы
Едрейде қалғаны бір туғандар
Қарқаралы кеткені бір тармағы.

Мазалаған ой түрткі өкініш көп
Қызда болсам Бұлбұлдан менде бір тек
Ізгілік жол көрсеткен ата-анадан
Біз төртеуіміз бүгінде дарынды шеп.

Өткеннің еске алсақ өр майданы
Ту көтерген Алаш боп әр жайдағы
Көгіңде ән қалықтап әлем шарлап
Қалибек, Мұрат, Рақия ел байрағы

Жоңғар соғыс Байназар бабам батыр
Мартбек батыр кеңестік болған батыл
Аспан әлем ғарышкер Тоқтар баурым
Нұрбақыт «еңбек ері» қызым батыл.

Тегін білмес тыр жалаңаш жандайсың
Кейінгі ұрпақ жеті атаңа қандайсың
Саналы ата салтын бағалы ұстау
Ұрпақ үшін ұлт қасиетін жалғайсың.

Жер киелі ел иелі ата жұрт
Әулиелі Қазыбек биден қонған құт
Намысты ел, ар ожданым қорғайтын
Ұрпағымыз асыл текті қазақ ұлт.

Майда ЖҰМАШЕВА.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.

ОТАУ ҚАЗТЕЛЕРАДИО

Қарағанды облысының тұрғындарының назарына!

Қарағанды облыстық Радиотелехабар тарату дирекциясы 2021 жылдың 30 қарашасынан бастап аналогты эфирлік телехабар тарату желісін кезең-кезеңімен өшіре отырып, жер үсті эфирлік телехабар таратудың цифрлық форматына толық көшу жоспарланғанын хабарлайды.

GALAMTV

ОТАУ ҚАЗТЕЛЕРАДИО

Вниманию жителей Карагандинской области!

Карагандинская Областная Дирекция РадиоТелевещания сообщает, что 30 ноября 2021 года планируется полный переход на Цифровой формат наземного эфирного телевидения с поэтапным отключением сети Аналогового эфирного телевидения

GALAMTV

Шахмат

Очередной успех



Вновь продемонстрировали великолепное знание шахматной теории, несгибаемую волю к победе и игру высокого класса на прошедшем в начале ноября областном первенстве среди школьников Сагынтай Алдияр и Назерке Назерке, учащиеся сш №44.

Успех не приходит сразу. Древняя китайская поговорка гласит «Дорога в тысячу льё начинается с первого шага». Свои первые шаги в увлекательный мир шахмат Алдияр и Назерке сделали несколько лет тому назад, и с тех пор не было дня, чтобы дети не сажались за доску.

Первые успехи пришли не сразу. Игра королей требует усидчивости, умения логически мыслить и принимать то самое, единственно верное решение, которое приводит к победе, но, пожалуй, самое главное- это накопление огромного багажа знания шахматной науки: дебюты, эндшпили, миттельшпили, ловушки, комбинации... Мир шахмат безбрежен. Даже великий кубинец Хосе Рауль Капабланка, став чемпионом мира, говорил, что он только учиться играть в шахматы.

Наши юные дарования уже узнаваемы в шахматной среде Казахстана. Постоянные



чемпионы района как среди детей, так и среди взрослых; призёры и победители областных соревнований, участники республиканских и международных турниров. У Алдияра и Назерке высокий международный коэффициент ФИДЕ, соответствующий 1-му взрослому спортивному разряду.

В этом году на чемпионате области конкуренция была как никогда высокой. Это и понятно: шахматы в Казахстане очень быстро развиваются. Соперниками были лучшие шахматисты районов области, Караганды, Жезказгана, Балхаша, Сатпаева.

Наши ребята выступили очень надёжно, оба стали призёрами области. Алдияр завоевал бронзу, Назерке- серебро. Это-достойная награда за упорный труд и, безусловно, серьёзный успех.

Впереди месяцы тренировок, турниры. Нет никаких сомнений в том, что наших детей ждут новые победы. Алға, Назерке! Алға, Алдияр! Алға, Қарқаралы!

Канат Жагипаров,
тренер.

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
ЖШС Директоры –
Бас редактор
Құрманғазы ӨТЕБАЙ

100800 Қарқаралы қаласы,
Ә.Бөкейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: Karkaraly_TOO@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы, ИИК KZ326010191000161842, БИК HSBKZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп,
Қарағанды қаласындағы
«Арқо» ЖШС
(Сәтбаев к., 15)
баспаханасында басылды.
Меншікті тілшілер:
Егіндібұлақ – 8-(72147) 91-3-05
Қарағайлы – 8-(72146) 45-3-63

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Құрылтайшысы: Қарқаралы аудан әкімдігі
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2019 жылдың 19 маусымында N17756-Г куәлікпен тіркелген. Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2,0б. Индекс 65626.
Таралымы 2579. Тапсырыс 1.